

«Бекітілді»: 
№23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі: Урынтаева Р.Ж.
31.08.2023ж. №1 пед кеңестің шешімімен.

2023-2024 оқу жылына арналған ПДК «Аққоян» тобында жүргізілетін

Дефектолог маманның перспективалық жұмыс жоспары

Дефектолог: Карипова А.

Айы	Апта	Жүргізілетін жұмыстың тақырыбы	Түзете-дамыту мақсаты	Жұмыстың барысы	Пайдаланылатын көрнекіліктер
Қыркүйек	I-II	Балаларды бақылау аптасы			
	III	«Біркелкі пішіндерді сана» ойыны	Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.	Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.	Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер
	IV	«Көп-аз» ойыны	Көп және аз түсініктерін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін дамыту.	Кубиктердің ішінен қызыл-сары түсті ажыратып, қайсысы көп, қайсысы аз екенін табу.	Кубиктер
Қазан	I	«Өз үйіңді тап» ойыны	Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.	Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.	түрлі-түсті дөңгелектер
	II	«Ғажайып қоржын»	Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету.	Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды.	Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.
	III	«Ойлан тап» ойыны	Есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту.	Заттың атауы аталады, сол затты суреттен көрсету.	Суреттер
	IV	«Сиқырлы суреттер»	Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.	Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.	Әртүрлі сурет бөлінділер

Айы	Апта	Жүргізілетін жұмыстың тақырыбы	Түзете-дамыту мақсаты	Жұмыстың барысы	Пайдаланылатын көрнекіліктер
Қараша	I	«Бұл қай мезгіл?»	Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.	Сурет бойынша жыл мезгілдерін атау.	Суреттер
	II	«Суретті құрастыр»	Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.	Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру.	Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері
	III	«Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»	Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.	Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Педагог бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.	қарындаштар, таяқшалар.
	IV	«Не өзгерді»	Балалардың есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту.	Жыл мезгілдерінің суретін ілу, арасына автобус суретін қою. Қай сурет артық?	Суреттер
Желтоқсан	I	«Көліктер»	Сөздік қорын, көріп есте сақтау қабілетін дамыту.	Көліктерді суреттен көрсете отырып қайталату.	Суреттер
	II	«Ойлан тап»	Балалардың ойлау қабілетін, қабылдауын дамыту. сөздік қорын молайту.	Суреттер арасынан көліктер суретін тауып, оларды атау.	Суреттер
	III	« Қапшықтан неше ойыншық алдың?»	Сөздік қорын молайту.Балаларға заттың санын қолмен сипалап білуді үйрету.	Балаларға қолдың саусақтарымен сипалап білу арқылы қапшықтан 4 шарик алу. Балалар тапсырманы орындау үшін қапшықтан шариктерді алып, үстел бетіне қояды және санайды.	Шариктер
	IV	«Қателесіп қалма?»	Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.	Күннің түрлі мезгілі туралы білімдерін бекіте отырып, балалармен әңгіме жүргізу. Балалар таңертең, күндіз, кешкісін, түнде не істейтіндерін еске түсіреді.	Суреттер

Айы	Апта	Жүргізілетін жұмыстың тақырыбы	Түзете-дамыту мақсаты	Жұмыстың барысы	Пайдаланылатын көрнекіліктер
Қаңтар	I	«Түрлі-түсті жолақтар»	Түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.	Балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау. Берілген жолақшаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақшаны табу.	Қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар
	II	«Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап»	Мамандықтар туралы білімдерін бекіту.	Менің мамам тігінші.	Суреттер
	III	«Әдемі кілемшелер»	Бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрау.	Қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.
	IV	«Қолшатыр»	Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.	Күн деген кезде балалар ойынға шығады, ал балалар жаңбыр жауды деген кезде балалар қолшатырдың астына тығылады	Қолшатыр
Ақпан	I	«Ұшты, ұшты»	Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	Ара ұша ма, әлде бақа ұша ма?	Көмекші құрал ретінде суреттер
	II	«Қай сурет жоқ?»	Балалардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту.	Суреттер қойылады. алдымен суретті балалар көріп алады, содан соң суреттің ішінен бір сурет алынып тасталады. Бала қай сурет жоқ екенін табуы тиіс.	Суреттер
	III	«Суретші нені ұмытты?» ойыны	Ойлау қабілетін дамыту.	Не? Кім? Қайда? сұрақтарына жауап алу.	Суреттер
	IV	«Мынау қай пішін?»	Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.	Баланың қолына геометриялық пішінді ұстату. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атау.	Картоннан жасалған геометриялық пішіндер

Айы	Апта	Жүргізілетін жұмыстың тақырыбы	Түзете-дамыту мақсаты	Жұмыстың барысы	Пайдаланылатын көрнекіліктер
Наурыз	I	«Танып ал да, атын ата»	заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.	әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер
	II	«Сиқырлы қапшық»	Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.	Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.	түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.
	III	«Төлдерін тап та, көрсет»	Балалардың байқампаздық қасиеті, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу.	Тақтада көсетілген жануарлардың төлдерін сызық сызу арқылы көрсету	жануарлардың, төлдердің суреттері.
	IV	«Үйдің есігін жабайық»	Заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.	Қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну	үйдің, есіктің суреттері
Сәуір	I	«Дауысын сал!»	Құстардың, жануарлардың және олардың дауыстарын салуды үйрету	Құстардың, жануарлардың суреттерін таратып беру.	Құстардың, жануарлардың суреттері
	II	«Не жоқ?»	Балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	Ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аудару. Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде ойыншықтардың біреуін алып тастау. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады.	Ойыншықтар
	III	«Заттарды сана»	1.Балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру. 2.Көкөністер санымен сандарды тауып қою. 3.Ойын арқылы көкөністер түрлері туралы білімдерін бекіту.	Педагог балаларға көкөністердің суреттерін таратып береді. Бір суретте бірнеше көкөністер түрлері болуға тиіс. Балаларға қойылатын талап көкөністер санын анықтау.	Көкөністер суреттері, сіріңке қорабындағы сандар
	IV	«Қай жануардың дыбысы?»	Балалардың есту арқылы ойлау, қабылдау қабілеттерін	Тауық: қыт-қыт Балапан: шик-шик	Суреттер

			дамыту.	Әтеш: ку-ка-ре-ку	
Айы	Апта	Жүргізілетін жұмыстың тақырыбы	Түзете-дамыту мақсаты	Жұмыстың барысы	Пайдаланылатын көрнекіліктер
Мамыр	I	«Шапалақта»	Есту қабілеті арқылы ойлау қабілетін дамыту. Сөздік қорын молайту.		
	II	«Жемістерді себетке, көкөністерді ыдысқа жинау»	Жемістер мен көкөністерді ажырату.	Жемістер мен көкөністердің атауын атау.	Жемістер мен көкөністер
	III	«Кім жылдам?» қимылдық ойын	Шапшаң қимылдауға, жалпы моторикасын дамыту.	Доптарды бір жерден екінші жерге тасымалдау.	Доптар
	IV	«Жылы лебіз»	Сұрақты түсіну, сөзбен қимылды үйлестіру, үш сөзден сөйлем құрау. Сөздік қорын молайту.	Шаттық шеңбері	